



Болашаққа ұмтылған университет:
дәстүрлері, инновациялары, жетістіктері!

**Д. СЕРІКБАЕВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

САПА АЯСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға, жаңа білім алуға, технологиялар, инновациялар әзірлеуге және оларды трансферлеуге бағдарланған Орталық Азиядағы металлургия, атом өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, IT-технологиялар саласындағы үздік инновациялық кәсіпкерлік университет болуға ұмтылады.

Университет қызметінің тиімділігін арттыру, оның білім, ғылым мен инновация саласында көшбасшылық орын алуын қамтамасыз ету, ұсынылатын білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін көрсету сапасын жоғарылату сертификатталған сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жетілдіру негізінде мүмкін болады.

Сапа аясындағы саясат университет мақсаткерлігін іске асыруға – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті инженерлік кадрларды дайындауға және технологияларды, инновацияларды, жаңа білімді өңір экономикасына трансферлеуге бағытталған.

Бұл саясат университеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне, факультеттер мен мектептердің, профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми орталықтардың, зертханалардың әлеуетіне сүйенеді, бұлардың қызметі ғылымның, білімнің интеграциясын, бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауда іс-тәжірибелік бағдарлануды, жаңа технологиялар, білім, инновациялық идеялар тудыру мен трансферлеуді қамтамасыз етеді.

ШҚМТУ-дың сапа аясындағы саясаты ескереді:

- инновациялық оқу жүйесін жетілдіруді, заманауи ақпараттық білім беру технологияларын енгізуді, оқытуда іс-тәжірибелік бағдарлануға ерекше назар аударуды;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру процесіне жұмыс берушілерді тартуды;
- білім беру үдерісімен интеграциялану арқылы ғылыми-инновациялық қызметті дамытуды, өңірдің салалық кәсіпорындарының ғылыми-техникалық міндеттерін шешуді;
- халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына, академиялық мобильділік бағдарламаларына қатысу арқылы әлемнің білім беру кеңістігімен интеграциялануды;
- жоғары білікті кадрлық әлеуеттің «нулын» қалыптастыруды;
- корпоративтік мәдениет және жаңа талаптарға барабар ішкі бәсеке ортасын құруды;
- университеттің академиялық, ғылыми-зерттеу қызметін, құжат айналымын цифрлендіру арқылы қызметкерлердің цифрлік көзқарасын қалыптастыруды;
- тиімді сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) жетілдіруді;
- қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуды және заманауи инфрақұрылымды құруды;
- азаматтық, рухани-адамгершілік, жалпы мәдениеттік қасиеттері бар және заманауи қоғам жағдайына бейімделуге қабілетті мамандар дайындауда жүйелік тәсілді қолдануды;
- КРІ (тиімділіктің түйінді көрсеткіштерін) енгізу арқылы ПО құрамы қызметінің нақты нәтижесіне бағытталуды;
- оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуді.

***ШҚМТУ-дың жоғары басшылығы** осы сапа саясатын іске асырудың көшбасшысы болып табылады, ол аталған саясатты және университеттің стратегиялық даму бағдарламасын іске асыруға ұжымды жұмылдырып тырысады, сөйтіп, жұмысқа көңіл бөлуде жеке үлгі көрсетіп, СМЖ қағидасына шынайы берілгендігін танытады.*

Университет қызметкерлері СМЖ процестерінің білікті әрі толық құқылы қатысушылары болып табылады, сондай-ақ жұмыс сапасын және оның нәтижелілігін барынша арттыра отырып, өз қызметін ынталы әрі жауапты түрде жоспарлайды және жүзеге асырады.

Ректор **Ж. Шаймарданов**
2017 жылғы 25 қазанда СМЖ жөніндегі ҮК мәжілісінде мақұлданды

02.11.2017ж.